РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# Латынға көшу - күттірмес мәселе

Заман өзгерген сайын күнделікті өмірге талап та өзгеретіндігі ежелден белгілі. Міне, Тәуелсіздігімізді алып, өз алдымызға жеке мемлекет болғанымызға ширек ғасырдан артық уақыт өтті. Осы уақыттың әкелген талабының бірі кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне көшу болып отыр. Бұл, біріншіден, техниканың қарқынды дамуының әкелген өзгерістері – бұрынғы әліпбиімізді компьютер тілі оқи алмайды. Екіншіден, үштілді бірден игеру саясатына байланысты ағылшын әліпбиі латыншаға негізделгендіктен, ағылшын тілін жақсы игеруге сеп болады деген ой тудырды. Үшіншіден, біздің асыл мұрамызға шетте жүрген қазақ бауырларымыздың қолын жеткізу үшін жасалатын игі істің басы болады.

Өз басым латын әліпбиіне көшудің осы үш себеп-салдарымен толығымен келісемін. Латын әліпбиі әлемдегі ең танымал жазулардың бірі саналатындығы баршаға белгілі, яғни, болашағы зор. Бұл мақсатқа жету үшін үлкен ізденіс, мол еңбек, қыруар қаражат қажет екендігі де айдан анық. Көп адамдарды бастапқы сәтте қазіргі әдебиет латын әліпбиіне көшірілгенше едәуір уақыт өтіп кетеді, сол кезде өсіп келе жатқан ұрпақ үшін әдеби мұра, салалық әдебиетке қатысты тапшылық туындайды деген алаңдатушылық білдірді. Мұның бәріне жақсы қаражат бөлініп, қолдау көрсетілсе, тез арада атқаруға болады. Сондықтан Елбасының шешімін қолдап, оның ары қарай жүзеге асуына үлес қосуымыз қажет.

**Г. Ажмағанбетова**